

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 177 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 7 қазандағы № 87 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Техникалық реттеу туралы хаттаманың 4-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) және 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

2020 жылғы 22 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының № 177 шешіміне "Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың, оларды қолдану нәтижесінде ерікті негізде "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін тізбесі және халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбесі, ал олар болмаған жағдайда – "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану және орындау, сонымен қатар техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қоса алғанда, зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер қағидалары мен әдістерін қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесі туралы" қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия алқасының
2025 жылғы 7 қазандағы
№ 87 шешіміне
ҚОСЫМША

2020 жылғы 22 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының № 177 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Көрсетілген шешіммен бекітілген халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың,

оларды қолдану нәтижесінде ерікті негізде "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін тізбесі мынадай мазмұндағы 17¹ және 17²-позициялармен толықтырылсын:

"

17 ¹		МемСТ ISO 9841-2024 "Сайсағыз эфир майы (Hysopos officinalis L. ssp. officinalis). Техникалық талаптар"	
17 ²		МемСТ ISO 17412-2024 "Ащы үлкенаскөк эфир майы (Foeniculum vulgare Mill. ssp. vulgare var. vulgare). Техникалық талаптар"	

".

2. Көрсетілген шешіммен бекітілген халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қоса алғанда, зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер қағидалары мен әдістерін қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесіндегі:

а) 4-бағандағы 53-позиция "01.01.2028 дейін қолданылады" деген сөздермен толықтырылсын;

б) келесі позициялармен толықтырылсын:

"

51 ¹	5-баптың 2.4 және 9.2-тармақтары	ҚР СТ 3996-2024* "Парфюмерлік-косметикалық өнімдер. Формальдегидтің максималды теориялық массалық үлесін анықтауды есептеу әдісі"	
-----------------	----------------------------------	---	--

".

53 ¹		МемСТ ISO 24442-2024* "Күннен қорғайтын парфюмерлік-косметикалық өнімдер. А спектрінің ультракүлгін сәулеленуінен қорғаныс факторының шамасын анықтаудың <i>in vivo</i> әдісі"	
-----------------	--	--	--

"

57		МемСТ ISO 16217-2024* "Парфюмерлік-косметикалық өнімдер. Күннен корғауды сынау әдістері. Суға төзімділікті анықтау үшін суға батыру әдістері"	
58		МемСТ ISO 18861-2024* "Күннен корғайтын парфюмерлік-косметикал ық өнімдер. Суға төзімділікті анықтау"	

".